

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қаласы мәслихатының 2008 жылғы 14 сәуірдегі N 48 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2008 жылы 23 мамырда N 2-1-82 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы N 91 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2012.11.21 N 91 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 6300 (алты мың үш жүз) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Әлеуметтік көмектің төленуі және осы шешімнің орындалуы Талдықорған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Ш.Б.Мұхаметжанға жүктелсін.

3. Талдықорған қаласының мәслихатының 2007 жылы 30 наурыздағы "Ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" N 370 (Талдықорған қаласының әділет басқармасында нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылдың 18 сәуірінде 2-1-44 нөмірмен тіркелген, "Талдықорған" газетінің 2007 жылдың 27 сәуірдегі 17 нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрағасы
Мәслихаттың хатшысы*

*М.О. Оспанәлиев
М.Д. Бопазов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК